

Кітаптарға иман келтіру

الإيمان بالكتب

Қазақ тілі – Kazakh – كازاخى



Қазақ тілі командасы орналасуы Dar әл-
Ислам

فريق اللغة الكازاخية بموقع دار الإسلام



Кітаптарға иман келтіру

Иманның үшінші шарты – Аллаһ Тағала пайғамбарларына (оларға Аллаһ тағаланың сәлемі болсын) түсірген кітаптарына иман келтіру. Дәлірек айтқанда, Құран Кәрімде аталып көрсетілген Кітаптарды Аллаһ Тағала тарапынан түсірілген деп иман келтіру. Аллаһ Тағала тарапынан түсірілген төрт кітап бар. Аллаһ Тағала періштелері арқылы пайғамбарларына (оларға Аллаһ тағаланың сәлемі болсын) Кітаптарын түсірген. Мақсат – адам баласына Жаратушысын таныту, құдайына ғибадат ету жолдарын үйрету, пенделерге ізгілік, әділет және ақиқат жолын насихаттау, халық мен харамның айырмасын түсіндіру еді.

Аллаһ Тағаланың тарапынан: Мұсаға (оған Аллаһ Тағаланың сәлемі болсын) – Таурат, Дәуідке (оған Аллаһ Тағаланың сәлемі болсын) - Забур, Иса (оған Аллаһ Тағаланың сәлемі болсын) – Инжил, ал Кітаптардың Ұлысы Құран Кәрім – Пайғамбарымыз Мухаммадқа (оған Аллаһ Тағаланың салауаты мен сәлемі болсын) түсірілген.

Бұл төрт кітапқа төмендегіше ортақ сипаттама берсе болады:

- Кітаптардың барлығы Аллаһ Тағаланың жалғыздығы мен Оған серік қоспауға;
- Парасаттылыққа;
- Ізгілік пен адамгершілікке үндейді
- Кітаптарда келтірілген нәрселер ғылыми және тарихи мәліметтерге қайшы келмейді.

Әрине, қазіргі адамдардың қолындағы ағылшын, орыс, қазақ және басқа тілдегі Таурат, Забур және Инжил атты кітаптар Мұса (оған Аллаһ Тағаланың сәлемі болсын), Дәуід (оған Аллаһ Тағаланың сәлемі болсын) және Исаға (оған Аллаһ Тағаланың сәлемі болсын) түсірілген түп-нұсқаларға мүлдем ұқсамайды. Себебі, уақыттың өтуімен алғашқы айтылған үш кітаптың түп-нұсқалары өзгеріске ұшырады.

«Ей, адам баласы! Сендерге Раббыларыңнан дәлел (яғни, Мухаммед) келді. Сондай-ақ, сендер үшін бір жарық сәуле (Құран) түсірдік», *Ан-Ниса сүресі, 174 аят.*

Мұса (оған Аллаһ Тағаланың сәлемі болсын), Дәуід (оған Аллаһ Тағаланың сәлемі болсын) және Иса (оған Аллаһ Тағаланың сәлемі болсын) қауымындағылар Таурат, Забур, Инжилді жалғанға шығарғандай, арабтардың ішінде Мұхаммадтың (оған Аллаһ Тағаланың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбарлығына иман келтірмей, Құранды ойлап шығарды деушілер болған.

Бұған қатысты Аллаһ Тағала айтады: **«Оларға Құран келгенде олар: «Шынында бұл бір сиқыр, біз бұған қарсымыз»-деді», *Аз-Зухруф сүресі, 30 аят.***

Бұнымен тұрмай кәпірлер: **«Бұл Құран (Мекке немесе Таиф қалалары) екі қаладағы кісілердің біріне (оның бірі Уәлид ибн Мұғира, екіншісі Масғұт Сақофи. Екеуі де өздерінің шешендігі және дәулетімен танымал болған) түсірілсе еді» - деді», *Аз-Зухруф сүресі, 31 аят.***

Құран Кәрімді пайғамбарымыз (оған Аллаһ Тағаланың салауаты мен сәлемі болсын) өз ойынан тоқып шығарған деушілерге Аллаһ Тағала **«осындай Кітапты келтіріңдер»** деп аятты түсірді.

Бұл талапты орындай алмаған мүшриктерге Аллаһ Тағала Құран сүрелеріне ұқсас он сүре келтіруді ұсынды. Бұған да шамалары жетпеген мүшриктерге Аллаһ Тағала: **«Егер, құлымызға (Мұхаммадқа) Біз түсірген уахиға (Құранға, ол Аллаһ Тағала жанынан түсірілгенінен) күдіктенсендер, «Құранды Мұхаммад өз ойынан шығарды» - деп айтқандарың рас болса, сендер де сондай бір сүре келтіріңдер. Аллаһ Тағаладан басқа көмекшілеріңді де (жасанды құдайларыңды немесе жындыларды жәрдемге) шақырыңдар» - деді», *Аль-Бақара сүресі, 23 аят.***

Құран – пайғамбарымыз Мұхаммад (оған Аллаһ Тағаланың салауаты мен сәлемі болсын) ойынан шығарған сөзі болса, неге шешендігі мен сөзге шеберлігі әйгілі болған арабтардың бір де бірі

Құранға ұқсас кітап жаза алған жоқ, жаза алмайды да. Себебі, Құран – Аллаһ Тағаланың сөзі.

Аллаһ Тағаланың әлемде теңі болмағанындай Аллаһ Тағаланың сөзі Құранмен де еш бір мақұлықтың сөзі теңесе алмайды. Аллаһ Тағала айтады: «Егер адамдар мен жындар осы Құрандай кітап шығаруға ұйымдасса, олар бір-біріне көмек болса да мұндай кітап келтіре алмайды» - деді», *Аль-Исра сүресі, 88 аят.*

«Мұхаммад! Оны киелі рух (Жәбраил періште) иман келтірген пенделерді қуаттау және мұсылмандарға тура жолға бастау және қуанту үшін Раббың құзырынан түсірді» де», *Аль-Нахыл сүресі, 102 аят.*

«Мұхаммад! Біз сені бүкіл әлемге рахмет етіп жібердік, шын мәнінде маған: «Құдайларың біреу-ақ» деп уахи етілуде. Оған бой ұсынасындар ма, жоқ па?» - де», *Аль-Анбия сүресі, 107-108 аяттар.*

Құран Кәрім өзінен әуелгі Кәтаптарды Таухид (бірқұдайшылық) мәселесінде растап, оларды Иса (оған Аллаһ Тағаланың сәлемі болсын) Аллаһ Тағаланың баласы деген жалғандықтан қорғаған.

Қазіргі уақыттағы Библия, киелі кітаптарда Аллаһ Тағалаға серік қоспандар, Исадан (оған Аллаһ Тағаланың сәлемі болсын) кейін Ақыр заман Пайғамбары Мұхаммад (оған Аллаһ Тағаланың салауаты мен сәлемі болсын) келеді деген жері бар ма? Жоқ. Демек, қазіргі уақыттағы Библияның бірі де түп-нұсқаға тура келмейді.

«Яхудилер: «Ғузаир Аллаһ Тағаланың ұлы» - деді. Христиандар да: «Масих (Иса) Аллаһ Тағаланың ұлы деді». Бұл олардың бұрынғы кәпірлердің сөзіне ұқсап, ауыздарымен айтқандары ғана. Құдай атқырлар, қайтып алданып отыр. Олар ғалымдары мен машаихтарын және Марьям ұлы Исаны Аллаһ Тағаладан өзге құдай етіп алады. Негізінде олар (Таурат пен Инжильде) бір құдайға ғана құлшылық қылуға бұйырылған еді.

Өйткені, Аллаһ Тағаладан басқа құдай жоқ, Ол олардың серік қосқандарынан пәк», *Ат-Тәуба сүресі, 30-31 аяттар.*

«Марьям ұлы Масихты: «Аллаһ Тағала» - дегендер кәпір болды. Негізінде Масих: «Ей, Исраил ұрпақтары. Менің әрі сендердің Раббыларың Аллаһ Тағалаға құлшылық қылындар. Өйткені, кім Аллаһ Тағалаға серік қосса, Аллаһ Тағала оған жәннатты харам етті» - деді», *Аль-Маида, 72 аят.*

««Аллаһ Тағала үшеудің – үшіншісі» - дегендер кәпір болды», *Аль-Маида, сүресі, 73 аят.*

Бұған қосымша Аллаһ Тағала айтады: «Адамдар бір үммет еді (кейін олардың араларынан кәпірлер пайда бола бастады). Сонда Аллаһ Тағала (оларға, имандыларды жәннатпен) қуандырушы және (кәпірлерді тозақпен) ескертуші Пайғамбарлар жіберіп, олармен бірге, адамдардың арасындағы дінге қатысты талас нәрселерге үкім етулері үшін Кітап жіберді», *Аль-Бақара сүресі, 213 аят.*

Біздің міндетіміз, Құран Кәрімде атаулары көрсетілген және көрсетілмеген Кітаптар Аллаһ Тағала тарапынан адамзатты ақиқат пен тура жолға бастау үшін түсірілген деп иман келтіру. Бұл істе біз Құран Кәрімнің аяттарына сүйенеміз.

Қазіргі күні Орта Азия мемлекеттерінде қазақ, өзбек, орыс тілдерінде Таурат, Забур, Инжиль, Киелі кітап әңгімелері, Ізгі хабар атты кітаптар тегін таратылуда. Мақсат бір – ата заманынан мұсылман қазақ, қырғыз, өзбекті басқа дінге кіргізу, Аллаһ Тағаланың Иса (оған Аллаһ Тағаланың сәлемі болсын) есімді баласы бар деп сендіру.

Бұл кітаптар Құран Кәрімде айтылған кітаптармен аттас болғанымен, олардың ешбірі ақиқатқа, яғни, Ислам дінінің негізін құраушы таухид (бірқұдайшылық) ақидасына тура келмейді.

Рас, Құран Кәрімде: «Мұхаммад! Саған Өзімізден Құран Кәрімді өзінен бұрынғы Кітаптарды олар Аллаһ Тағала

тарапынан деп растаушы және қорғаушы етіп түсірдік» - деген жері бар, *Аль-Маида сүресі, 48 аят.*

Мұсылман дегені болмаса Исламның жай-жапсарын дұрыс білмеген қазақты христиан дініне уағыздаушы христиан миссионерлері осы аяттағы: **«Өзінен бұрынғы Кітаптарды растаушы»** деген жерін шұқып көрсетіп: «Міне, көрдің бе? Құранның өзі Библияны растап қолдап тұр» - деумен өз дініне үгіттеп кіргізуде.

Ал ақиқатына келер болсақ, Аллаһ Тағаланың Құран Кәрімде: **«Өзінен бұрынғы Кітаптарды растаушы»** - дегені қандай Кітаптар? Аллаһ Тағала Құран Кәрімде **«Өзінен бұрынғы Кітаптарды растаушы»** дегені, ол Мұса (оған Аллаһ Тағаланың сәлемі болсын), Дәуід (оған Аллаһ Тағаланың сәлемі болсын) және Исаға (оған Аллаһ Тағаланың сәлемі болсын) түсірілген Таурат, Забур, Инжильдің түп-нұсқалары. Қазіргі Библиялардың бір де біреуі олардың маңайына да жоламайды. Себебі, Таурат, Забур, Инжильдің түп-нұсқаларында Аллаһ Тағаланың жалғыздығы, пайғамбарымыз Мұхаммадтың (оған Аллаһ Тағаланың салауаты мен сәлемі болсын) келуі жайында айтылған болатын.

«Ей, Мұсылмандар! Яхудилердің сендерге сенулерін үміт қыласындар ма? Әрине олардан Аллаһ Тағаланың сөзін (Тауратты) тыңдайтын бір топ ғалымдар бар еді. Олар (Тауратта) айтылғанды түсініп болғаннан кейін ондағы нәрселерді біле тұра өзгертті. Олар оны жақсы біледі.» , *Аль-Бақара сүресі, 75 аят.*

«Бір заманда, Исраил ұрпақтарынан (Тауратта): «Аллаһ Тағаладан басқаға құлшылық қылмандар» - деп уәде алған едік», *Аль-Бақара сүресі, 83 аят.*

Құран Кәрім, Таурат, Забур, Инжильдің түп-нұсқаларын не деп растап, неден қорғайды? Құран Кәрім өзінен әуелгі кітаптарды таухид мәселесінде растап оларды Иса Аллаһ Тағаланың баласы жалған сенімінен қорғайды.

«Марьям ұлы Иса Пайғамбар ғана. Одан бұрын да пайғамбарлар өткен. Оның анасы жалғаншы емес. Екеуі де

басқаларға ұқсап тамақ жейтін адам болатын.», *Аль-Маида сүресі, 75 аят.*

«Мұхаммад! Аллаһ Тағала жалғыз. Аллаһ Тағала еш нәрсеге мұқтаж емес. Ол тұмады және туылмады. Әрі оған ешкім тең емес.», *БҚылас сүресі.*

Бұл Құран Кәрім адамзатқа жеткізген ең ұлы ақиқат. Құран Кәрімнің өзінен әуелгі кітаптардан ерекшелігі – өзгеріске түспей, өз түп-нұсқасында сақталып қалуында.

Адамзат жаратылғалы Ислам үмметі Құран Кәрімге мән бергендей, еш бір үммет бір де бір Кітапқа көңіл бөлмеді. Ең әуелгі аяттар түсе бастағаннан оларды алдымен пайғамбарымыз (оған Аллаһ Тағаланың салауаты мен сәлемі болсын) кейін сахабалар жаттап алар еді. Сонымен қатар, жазуды білетіндер аяттарды жаттаумен қатар, оларды жазып алар еді.

Аллаһ Тағаланың Өзі Құран Кәрімнің өзгеріске ұшырамай, түп-нұсқасында сақталып қалуына кепілдік ретінде Хижр сүресінің 9 аятында: **«Құранды Біз түсірдік. Әрі оны Біз Қорғаушымыз»** деген.

Құран Кәрім 30 бөлімнен 114 сүреден тұрады. Сүре дегеніміз Құран Кәрімнің бір бөлімі. Сүре аяттардан құралады. Құран Кәрімдегі ең қысқа Кәусар сүресі үш аяттан тұрса, ең ұзыны Бақара сүресі 280 аяттан тұрады.

Құран Кәрім Аллаһ Тағала тарапынан 23 жыл бойы пайғамбарымыз Мұхаммадқа (оған Аллаһ Тағаланың салауаты мен сәлемі болсын) Жәбраил періште арқылы түсірілген.

Құран Кәрімнің сүрелері екі топқа бөлінеді:

1. Пайғамбарымыз Мұхаммад (оған Аллаһ Тағаланың салауаты мен сәлемі болсын) хижрадан, яғни, Меккеден Мәдинаға барардан бұрын түсірілген сүрелер. Бұл сүрелер Меккелік делінеді.

2. Хижрадан кейін түсірілген сүрелер. Бұл сүрелер Мәдиналық делінеді.

Шариғат бойынша Құран Кәрімді оқу – сүннет, тыңдау – уәжіп. Құран Кәрім Аллаһ Тағала тарапынан Мұхаммадқа (оған Аллаһ Тағаланың салауаты мен сәлемі болсын) келген бір заң Кітабы. Адам тіпті оның араб тілінде мағынасын білмесе де ол Аллаһ Тағаланың сөзі екеніне шынайы жүректен сене отырып, ықыласпен оқудың өзі, өз алдына сауап, елеулі бір құлшылық түрі болып табылады.

Құран Кәрімді оқырда немесе оқып отырған көз алдыға ұсталатын өзіне тән кейбір ерекшеліктері бар. Мысалы:

- Шариғат үкімдеріне сәйкес дәретті болу.
- Оқудан бұрын ауызды мисуакпен тазалау.
- Құбылаға қарап отыру.
- Аяттардың бірін оқитын кісі әуелі: «Аузу билляхи минаш шайтани роджим» деп айту. Аллаһ Тағала айтады: **«Құран оқымақ болсаң: «Аузу билляхи минаш шайтани роджим» - деп айт!»**, Ан-Нахыл сүресі, 98 аят.
- Құран сүрелерін оқи бастаудың алдында: «Бисмилляхир рахманир рахим» деп айту. Ескерту: «Тәуба» сүресінің басында бисмиллах айтылмайды.
- Таза орында оқу, Құранды нәжіс және жағымсыз иісі бар жерде оқымау.
- Құранды дәретхана сияқты лас жерге апармау, оны таза жерге қою. Салафан сияқты ауа және су өткізбейтін нәрсеге оралған Құран немесе Құран аяттары жазылған қағазды дәретханаға алып кіруге болады деу боз сөз.
- Шын ықыласпен оқу, аят мағыналарына көңіл аудару, ондағы айтылғанды түсінуге тырысу. Аллаһ Тағала айтады: **«Мұхаммад! Біз саған бұл мүбәрак кітапты олар аяттарын зерделеу үшін және ақыл иелері өнеге алулары үшін түсірдік»**, Сад сүресі,

29 аят. **«Құранды көркемдеп оқы»**, Аль-Музаммиль сүресі, 4 аят.

- Орташа дауыспен оқу.
- Құран оқылып жатқанда боз сөзбен күлкіні тоқтатып, аятқа құлақ асу. Аллаһ Тағала айтады: **«Құран оқылған уақытта оған құлақ салындар және дыбыстамаңдар. Мүмкін ұлы рахметке бөленесіндер»**, Аль-Ағраф сүресі, 204 аят.
- Құранды мүмкіндігінше көп оқу. Құранды хатым етуді, бастан аяққа дейін оқып тұруды әдетке айналдыру.
- Сәжде аяттарын оқыған немесе естіген жағдайда тіләуат сәждесін орындау. Аллаһ Тағала айтады: **«Бұл Құран ең тура жолға салады. Әрі ізгі амал істеген мұминдер үшін әрине зор сыйлық бар екендігін сүйіншілейді»**, Аль-Исра сүресі, 9 аят.

«Құранға – Аллаһ Тағаладан өзгенікі (яғни, Аллаһ Тағаланың сөзі емес) деп жала жапсыруға болмайды», *Юнус сүресі, 37 аят.* **«Құранда, мұминдерге шипа және рахмет (қамқорлық) түсіреміз»**, *Аль-Исра сүресі, 82 аят.* **«Біз Құранды, оны адамдарға тоқырап (түсініп) оқуын үшін бөлімдерге айырып (23 жылда) түсірдік»**, *Аль-Исра сүресі, 106 аят.*

Жалпы пайғамбарымыз Мұхаммад (оған Аллаһ Тағаланың салауаты мен сәлемі болсын) Құранның артықшылығына қатысты былай деген: **«Сендердің жақсыларың Құранды үйреніп, кейін оны біреуге үйреткендерің»** хадисті Осман ибн Аффаннан (оған Аллаһ разы болсын) Имам Муслим риуаят етті.

«Аллаһ Тағала Құран оқыған және ондағы жазылғанға сәйкес амал еткен кісінің ата-анасына Қиямет күні тәж кигізеді. Ол тәждің нұры дүниедегі Күн нұрынан да күшті болады» хадисті Муғаз ибн Анастан (оған Аллаһ разы болсын) Имам Муслим риуаят етті.

«Құран оқыңдар. Өйткені, Қиямет күні ол өз иелеріне (Құран оқыған кісілерге) шапағатшы болып келеді» хадисті Әбу Умама Аль-Бахилиден (оған Аллаһ разы болсын) Имам Муслим риуаят етті.

«Үйлерінді зиратқа айналдырмандар (яғни, үйлерінде көбірек Құран оқыңдар). Расында, Бақара сүресі оқылған үйден шайтан қашады» хадисті Әбу Һурайрадан (оған Аллаһ разы болсын) Имам Муслим риуаят етті.

«Құранда адам баласының күнәсі толық кешірілгенше шапағатшы болатын отыз аяттық сүре бар. Ол: табарака Лязи биядихиль мульк (яғни Мүлк сүресі)» хадисті Әбу Һурайрадан (оған Аллаһ разы болсын) Имам Әбу Дәуід және Имам Тирмизи риуаят етті.

«Қиямет күні Құран оқушыға: «Оқы да көтеріліп бара бер, жарық дүниеде қандай оқыған болсаң, сондай оқи бер. Өйткені сенің сый орның соңғы аятты оқитын жерінде» - делінеді» хадисті Абдуллаһ ибн Амрден (оған Аллаһ разы болсын) Имам Әбу Дәуід және Имам Тирмизи риуаят етті.

«Құранды дауыстап оқу – садақасын жария бергендей, ал Құранды іштей оқу – садақасын құпия бергендей» хадисті Оқба ибн Амирден (оған Аллаһ разы болсын) Имам Әбу Дәуід, Имам Тирмизи және Имам Насаи риуаят етті.

«Құран иесі (Құранды жаттаған кісі) тұсалған түйенің иесі тәрізді. Егер оған үнемі қарап тұрса, ұстап қала алады, егер босатса, ұзап кетеді» хадисті Абдуллаһ ибн Омардан (оған Аллаһ разы болсын) Имам Муслим риуаят етті.

«Кім Аллаһ Тағаланың кітабін (Құран Кәрімнен) бір әріп оқыса, оған одан бір сауап. Әрі ол сауап он есе арта түседі. «Алиф, Лям, Мим» - ді бір әріп демендер. Бәлкім Алиф бір әріп, Лям бір әріп, Мим бір әріп дендер!» Хадисті Ибн Масғұттан (оған Аллаһ разы болсын) Имам Тирмизи риуаят етті.

Дегенімен осында ерекше айтылып кететін бір жағдай бар. Көп адамдардың санасында Құран Кәрім тек құдайы беруге, оқып дем салуға арналған Кітап деген түсінік қалыптасқан. Күмән жоқ, Аллаһ Тағала қаласа, лайық болған кісіге Құран Кәрімнің шапағаты екі дүниеде де нәсіп болады.

Алайда, біз бір нәрсені шығармағанымыз жөн. Құран Кәрім ең алдымен мәйіттерге емес, тірілерге арналған Кітап. Себебі, Аллаһ Тағалаға иман келтіретіндер, Оған ғана мойынсұныңдар, құлышылықтарында серік қоспандар, намаз оқыңдар, біреудің ақысын жемендер деп өлген кісіге айтып не қажет? Құран Кәрімнің шапағатына лайық болудың ең әуелгі шарты: тірі шақта Оны Аллаһ Тағаланың сөзі деп мойындап, аяттарда айтылғанмен амал ету.

Ал бізде ше? Құран кімнің артынан оқылып, кімнің әруағына бағышталады?

Пайғамбарымыз Мұхаммад (оған Аллаһ Талағаның салауаты мен сәлемі болсын) Құран Кәрім Аллаһ Тағаланың сөзі екенін біле тұрып, онымен амал қылмағандарға қатысты: **«Ішінде Құраннан бір сүре де болмаған адам қираған үй тәрізді»** хадисті Абдуллаһ ибн Аббастан (оған Аллаһ разы болсын) Имам Тирмизи риуаят етті.

«Аллаһ Тағала бұл Құран арқылы бір қауымдардың дәрежесін көтерсе, екіншілердің дәрежесін түсіреді» хадисті Омар ибн Хаттабтан (оған Аллаһ разы болсын) Имам Муслим риуаят етті.

Хадис – Құран Кәріммен амал еткендерді Аллаһ Тағала Өз рахымына лайық етіп, қарсы келушілерді азаптайды деген мағынаны білдіреді.

Құран Кәрімді оқып, онымен бірге амал етудің құндылығына қатысты пайғамбарымыз (оған Аллаһ Тағаланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: **«Құранды оқыған мүмин цитрон (лимонның тәтті түрі) тәрізді. Оның иісі де, дәмі де жағымды. Құранды оқымаған мүмин құрма сияқты. Оның иісі болмағанымен, дәмі шырын. Құран оқыған мұнафиқ (екі жүзді)**

райхан гүлге ұқсайды. Оның иісі болғанымен, дәмі ащы. Құранды оқымаған мұнафиқ шомыр (дәмі ащы бакша өсімдігі) тәрізді. **Оның иісі де жоқ, дәмі де ащы»** хадисті Әбу Мұса Ашариден (Аллаһ Тағала оған разы болсын) Имам Бухари және Имам Муслим риуаят етті.

«Дүниеде қызығушылық тек екі нәрседе. Бірі: Аллаһ Тағала оған Құранды нәсіп еткен кісі. Ол онымен күндіз-түні амал етеді. Екіншісі: Аллаһ Тағала оған халалдан мол мал дүние нәсіп еткен кісі. Ол оны күндіз-түні пайдалы іске жұмсайды» хадисті Абдуллаһ ибн Омардан (оған Аллаһ разы болсын) Имам Бухари және Имам Муслим риуаят етті.

Аллаһ Тағала баршамызға осы хадистерге сай амал етуді нәсіп етсін! Аминь!